

**КЕЛІСІЛДІ**

«Қарағанды қаласы  
білім бөлімі» ММ  
басшысы

\_\_\_\_\_ Е.Әшім  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023жыл

**БЕКІТЕМІН**

«№1 балалар көркемөнер  
мектебі» КМҚК  
директоры

\_\_\_\_\_ Г. Калышева  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023жыл

**Лицей, гимназия, жалпы білім беретін мектептің  
еңбек мұғалімдері үшін «Бізді қоршаған әлем» қалалық  
шығармашылық жұмыс байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

1.1 Осы Ереже Қарағанды қаласы лицей, гимназия, жалпы білім беретін мектептің көркем еңбек мұғалімдері үшін «Бізді қоршаған әлем» қалалық байқаудың мақсаты мен міндеттерін, байқаудың өткізу тәртібін, бағалау өлшемін, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін анықтайды.

1.2. Байқау «Қарағанды қаласы білім бөлімі» ММ, «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК келісілген жұмыс жоспары және «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасының тұжырымдамасы бойынша өткізіледі.

1.3. Қарағанды қаласы білім бөлімі» ММ қолдауымен Қарағанды қалалық «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК байқауды ұйымдастырып жүзеге асырады.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

2.1. Байқаудың мақсаты:

- жалпы білім беретін мектеп, лицей мен гимназиялардағы көркем шығарма мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін дамыту және кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігін арттыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- Қарағанды қаласы жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицейлердегі көркем шығарма мұғалімдерінің шығармашылық бастамаларын анықтау және қолдау;

- көркем еңбек мұғалімінің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда тұлғаға бағытталған көзқарасты жүзеге асыру;

- көркемдік білімнің беделін арттыру

### 3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға Қарағанды қаласы жалпы білім беретін мектептерінің, гимназиялар мен лицейлердің көркем еңбек мұғалімдері қатыса алады.

### 4. Байқауды ұйымдастырып өткізу

4.1. Қарағанды қаласы жалпы білім беретін мектептерінің, гимназиялар мен лицейлердің көркем еңбек мұғалімдері үшін «Бізді қоршаған әлем» қалалық шығармашылық жұмыс байқауы **2024 жылдың 07 ақпанында** Қарағанды қаласы «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК базасында өтеді.

4.2. Байқауға қатысу үшін **2024 жылдың 02 ақпанына** дейін (қоса) білім ұйымы басшысының қолымен e-mail: konkurs\_art\_school@mail.ru өтінім тапсыру керек.

4.3. Байқауға қатысушылар міндетті түрде көрсетілген өтінім-анкетасын тапсыру керек: байқаудың атауы, педагогтың фамилиясы, аты, әкеісінің аты жұмыстың ататуы, орындау техникасы, білім беру ұйымының толық атауы, лауазымы, байланыс дерегі, білім беру ұйымының E-mail (1 Қосымша).

4.4. **2024 жылдың 05 ақпанына (қоса алғанда) дейін** мына мекен-жайда жұмыстар қабылданады: Қарағанды қаласы Әлиханов көшесі, 19 үй (2 қабат) , №1 БКМ.

4.5. №1 БКМ **2024 жылдың 12-13 ақпанда** сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін жұмысты алып кету керек. Осы мерзім өткеннен кейін ұйымдастыру комитеті жұмыстың қауіпсіздігіне жауап бермейді.

4.6. Барлық сұрақтар бойынша «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 19 (2 қабат) ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады, тел/факс: 8(7212) 42-42-54.

### 5. Талаптар мен бағалау критерийлері

Әр қатысушы білуі қажет:

5.1. **2024 жылдың 5 ақпанына** (қоса алғанда) дейін «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының Тұжырымдамасына сәйкес А. К.Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына арналған «**Ұлттық өнер**» тақырыбындағы шығармашылық жұмыстарды байқауға жіберу, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушысы А.Кастеевтің көркем шығармаларына негізделген:

- қазақтардың көшпелі тұрмысы;
- А. Кастеев замандастарының бейнелері (Қазақстан 19 ғ. аяғы, 20 ғ. басы);
- қазақ ауылының өмірі;
- Қазақстанның табиғаты;
- қазақтың халық қолөнері;
- мерекелер, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.

5.2. Байқау жұмыстары 2023-2024 оқу жылында аяқталуы тиіс және басқа авторлардың жұмыстарының көшірмесі немесе бөлігі немесе үлгілері болмауы керек.

5.3. Жұмыс А2 форматында графикалық немесе кескіндеме түрінде ұсынылуы керек; орындау техникасы – байқауға қатысушылардың таңдауы бойынша (академиялық немесе сәндік).

5.4. Жұмысты тапсыру: **рәсімделмеген**, паспартсыз, жұмысты майыстыруға немесе бүктеуге болмайды.

5.5. Әр автордан – **2 жұмыстан аспауы керек, ұжымдық орындалған жұмыстар қабылданбайды.**

5.6. Композицияның алдыңғы жағындағы төменгі оң жақ бұрышқа байқауға қатысушының тегі мен аты-жөні, жұмыстың атауы, орындау техникасы, білім беру ұйымының атауы, Құжат Word форматында, шрифт TimesNewRoman кегль 14 (өлшем), аралық интервал – бірыңғай. Этикетканың өлшемі: 7 см көлденеңнен, 6 см биіктігі (плюс 1,5 см бекіту үшін). Этикетка алдыңғы жағында көрінетіндей етіп жұмыстың артқы жағына жабыстырылады (2 Қосымша).

5.7. Сапасы төмен және осы ереженің талаптарына сәйкес келмейтін бәсекелестердің жұмыстары қарастырылмайды.

5.8. **Бағалау критерийлері:**

- ой ерекшелігі;
- ұлттық бояуларды көрсету;
- орындаудың кәсіби және көркемдік деңгейі;
- материалдар мен технологияны меңгеру.

## **6. Байқауды қортындылау**

6.1. Қалалық байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылық жасау үшін қазылар алқасының құрамын бекітетін, қорытындысын шығаратын және жеңімпаздарды марапаттайтын ұйымдастыру комитеті құрылады.

6.2. Сайысқа қатысушылардың жұмыстарын 5-тармақтың талаптарына сәйкес қазылар алқасы бағалайды.

6.3. Байқау нәтижелері хаттамамен ресімделеді және қазылар алқасы мүшелерінің қолдарымен расталады.

6.4. Қазылар алқасының жоғары бағасына ие болған жұмыстардың авторлары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Қалған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

6.5. Қазылар алқасы байқаудың номинацияларын анықтау құқығын өзіне қалдырады.

6.6. Байқау нәтижесі өтінімде көрсетілген электронды мекен-жайларында жарияланатын болады.

6.7. Шығармашылық жұмыстарды қайтару, байқауға қатысушылардың есебінен жүзеге асырылады.

Мерзім өткеннен соң жұмыстың сақталуына ұйымдастыру комитеті жауапты болмайды.

1 Қосымша

**Қарағанды қаласы лицей, гимназия, жалпы білім беретін мектептің  
сызу және көркем еңбек мұғалімдері үшін «Бізді қоршаған әлем»  
қалалық шығармашылық жұмыс байқауы**

ТАӘ	Жұмыстың атауы	Орындау техникасы	Білім беру ұйымының толық атауы	Атқарып отырған лауазымы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефон, білім беру ұйымының e-mail )
Бояуханов Алишер Мугалимба ұлы	«ақсай карьері	қағаз, гуашь	«Шәкәрім атындағы гимназия» КММ	көркем еңбек мұғалімі	Жұмыс тел. 8 7213)55555 Ұялы тел. 8 777 555 45 55 білім беру ұйымының e-mail

Білім беру ұйымы басшысының қолы

2 Қосымша

Этикетка:

Бояуханов Алишер  
Мугалимбаұлы

**«Ақсай карьері»**

техника: қағаз, гуашь  
Қарағанды қ.

«Шәкәрім атындағы гимназия» КММ»